

Аудан әкімдігінің қаулыларының күшін жою туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 118 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 – бабының 2 – тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 40 "Әуликөл ауданында мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 15 ақпанда № 9-7-154 тіркелді, "Әуликөл" аудандық газетінде 2012 жылғы 23 ақпанда жарияланған) аудан әкімдігінің қаулысының, 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 41 "Әуликөл ауданында қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларға, сондай-ақ бостандықтан айыру орнынан шыққан тұлғаларға және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" (Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 15 ақпанда № 9-7-153 тіркелді, "Әуликөл" аудандық газетінде 2012 жылғы 23 ақпанда жарияланған) аудан әкімдігінің қаулысының, 2012 жылғы 11 мамырдағы № 140 "Әкімдіктің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 41 "Әуликөл ауданында бостандықтан айыру орнынан шыққан тұлғаларға және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 5 маусымда № 9-7-161 тіркелді, "Әуликөл" аудандық газетінде 2012 жылғы 14 маусымда жарияланған) аудан әкімдігінің қаулысының күші жойылған деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолдансықа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Балғарин